Транзактный анализ представляет собой психологическую модель, служащую для описания и анализа поведения человека. Данная модель включает философию, теорию и методы, позволяющие людям понять себя и особенности своего взаимодействия с окружающими. Ключевой отправной точкой транзактного анализа стал психоанализ. Помимо феноменов, объясняемых психоанализом, он охватывает целый ряд иных аспектов человеческой психологии и, следовательно, приложим к более широкому кругу областей человеческой деятельности [2, с. 16–17].

Транзактный анализ в определении основателя данной концепции Эрика Берна:

- 1) это система психотерапии, основанная на анализе транзакций или серий транзакций, которые имеют место во время лечения;
- 2) теория личности, основанная на изучении отдельных эго-состояний;
- 3) анализ отдельных транзакций с помощью транзактных диаграмм (что и является, собственно, транзактным анализом) [1, с. 436].

Эрик Берн уделял коммуникации огромное внимание и человеческое общение представлял собой в виде обмена посланий между эго-состояниями двух людей. И таким образом, основным ядром транзактного анализа является положение, согласно которому один и тот же человек, находясь в определенной ситуации, действует, руководствуясь одним из трех эго-состояний, четко отличимых друг от друга [2, с. 17]. Эго-состояние – постоянный набор чувств и переживаний, непосредственно связанный с соответствующей постоянной моделью поведения [1, с. 437].

Эрик Берн трактует эго-состояние как определенный набор чувств и переживаний, непосредственно связанный с определенным шаблоном поведения. И им было выделено несколько закономерностей:

1. Каждому эго-состоянию свойственны определенные чувства и переживания;
2. Каждому эго-состоянию присуще определенное поведение [1, с. 35].

Таким образом, суть модели эго-состояний заключается в том, что она позволяет устанавливать надежную связь между поведением, мыслями и чувствами [1, с. 36]. Эго-состояние представляет собой совокупность взаимосвязанных когнитивных, эмоциональных и поведенческих моделей, отражающих способ, которым индивид выражает свою личность в конкретный момент времени. В рамках концепции транзактного анализа это состояние определяет, как человек воспринимает и взаимодействует с окружающим миром, опираясь на одно из трех базовых эго-состояний: родителя, взрослого или ребенка.

Благодаря концепции эго-состояний большая часть человеческих реакций и форм поведения становится доступной анализу и пониманию. Любой тип взаимодействия между людьми и окружающими, а также различными сторонами или эго-состояниями личности может быть представлен в виде транзакций между этими эго-состояниями [2, с. 16]. Следует пояснить, что «транзакция» (от английского слова «взаимодействовать») является единицей человеческого общения, состоящей из транзактного стимула (высказывание, письмо, кивок и т.д.) плюс транзактной реакции (реплика, ответное письмо или кивок головой). Если кто-то просит вас передать соль, а вы ее ему передаете, то вы обмениваетесь транзакциями [2, с. 17]. Транзакция

имеет место тогда, когда человек предлагает другому человеку какой-то вид коммуникации и второй отвечает первому. Начало коммуникации является стимулом, ответ – реакцией [1, с. 90]. Именно этому понятию транзактный анализ и обязан своим названием [2, с. 17].

Наблюдение за спонтанной социальной деятельностью показывают, что время от времени люди заметно изменяют свою позу, голос, словарь и другие аспекты поведения. Такие изменения в поведении часто сопровождаются изменением эмоций. У каждого индивидуума определенный набор схем поведения соответствует определенному состоянию сознания; при этом другой набор связан с другими физическими проявлениями и часто не совпадает с первым. Эти изменения и отличия позволили прийти к выводу о наличии различных состояний Я [3], впоследствии получивших название эго-состояний.

В терминах психологии состояние Я можно описать феноменологически как связную систему чувств, а операционально – как связную систему образцов поведения. Практически это означает, что определенному набору чувств соответствует столь же определенный набор образцов поведения. Каждый индивидуум обладает ограниченным количеством таких состояний Я, каждое из которых не роль, а психологическая реальность. Набор этих состояний можно распределить так:

1. Состояния Я, сходные с образами родителей;
2. Состояния Я, автономно направленные на объективную оценку реальности;
3. Состояния Я, представляющие наиболее архаичные образцы чувств и поведения, зафиксированные в раннем детстве.

В обычной речи их именуют «родитель», «взрослый» и «ребенок», причем эти простые термины используются даже в самых строгих и формальных обсуждениях [3].

Овладение искусством передачи ясных посланий и навыками эффективного слушания – в высшей степени увлекательное и полезное занятие. Оно не требует больших усилий, но сулит огромное вознаграждение. В ТА, равно как и в других психологических школах, коммуникация рассматривается в качестве ключевой концепции для любых методов работы, направленной на изменение. Благодаря этому было разработано множество коммуникативных техник, которым посвящена обширная литература.

Заключение

В результате проведенного теоретического исследования подтверждается, что коммуникация играет ключевую роль в формировании межличностных отношений и социальной стабильности.

Применение транзактного анализа Эрика Берна позволяет глубже понять механизмы взаимодействия между людьми через анализ эго-состояний (ребенок, родитель, взрослый), что значительно помогает в разрешении конфликтов и улучшении качества общения.

Теоретическое исследование показало, что осознание этих состояний и их влияния на поведение способствует более эффективным и конструктивным взаимодействиям в различных сферах жизни. Изучение теории транзактного анализа дает возможность развить навыки конструктивной коммуникации, что особенно важно для создания гармоничных отношений в семье, коллективе и обществе в целом.

Таким образом, данное исследование вносит важный вклад в область психологии и социальной коммуникации, предлагая конкретные методы для улучшения межличностных взаимодействий и минимизации конфликтных ситуаций.

ЛИТЕРАТУРА

- 1 Стюарт И., Джоинс В. Современный транзактный анализ // Метанойя. – 2021. – С. 35–437.
- 2 Кристиансен К., Билунд П. Транзактный анализ в бизнесе // Метанойя. – 2018. – С. 16–17.
- 3 Берна Э. Игры, в которые играют люди. URL: https://safronovaolesya.usite.pro/biblioteka/bern_igry_v_kotorye_igrajut_ljudi.pdf

- 4 Пашукова Т.И. Теории общения в отечественных и зарубежных психологических исследованиях // Теоретическая и экспериментальная психология. – 2009. – Том 2. – № 2. – С. 38–52.
- 5 Гамезо М.В., Степановосва А.В., Хализева Л.М. Словарь-справочник по педагогической психологии. URL: <http://med.niv.ru/doc/dictionary/pedagogical-psychology/fc/slovar-202.htm#zag-132>
- 6 Ризаходжаева Г.А. Формирование коммуникативной компетентности будущих специалистов в сфере туризма. URL: <https://www.kaznpu.kz/docs/doctoranti/rizahodzhaeva/Disser.pdf>
- 7 Арыстанов Ж.М., Шертаева К.Д., Умурзахова Г.Ж. Основы управленческой этики в фармации – коммуникативные навыки. URL: <http://rmebrk.kz/book/1166575>
- 8 Аракелян С.Б. Исследование социально-коммуникативных процессов в профессионально-деловой сфере: на уровне межличностной коммуникации. URL: <https://www.dissercat.com/content/issledovanie-sotsialno-kommunikativnykh-protsessov-v-professionalno-delovoi-sfere-na-urovne->
- 9 Карпман С. Жизнь, свободная от игр // Метанойя. – 2021. – С.16.
- 10 Эрскин Р., Морсунд Д. П., Траутман Р.Л. За пределами эмпатии // Интерсервис. – 2018. – С. 17.
- 11 Улановская И.М., Янишевская М.А. Учебная деятельность в отсутствии взаимодействия? URL: <https://www.scopus.com/results/results.uri?sort=plff&src=s&stl=коммуникация&sid=c6b7209819abbf4f2912df12bcf72741&sot=b&sdt=b&sl=17&s=KEY%28коммуникация%29&origin=searchbasic&editSaveSearch=&yearFrom=Before+1960&yearTo=Present&sessionSearchId=c6b7209819abbf4f2912df12bcf72741&limit=10>
- 12 Выготский Л.С. Проблема обучения и умственного развития в школьном возрасте // Педагогическая психология. – 1991. – С. 387.
- 13 Догадова Е.М. Философский смысл гуманизации межличностных отношений. URL: <https://www.dissercat.com/content/filosofskii-smysl-gumanizatsii-mezhlichnostnykh-otnoshenii>

REFERENCES

- 1 Stuart I., Dzhoins V. (2021) Sovremennyy tranzaktnyj analiz // Metanojja. P. 35–437. (In Russian).
- 2 Kristiansen K., Bilund P. (2018) Tranzaktnyj analiz v biznese // Metanojja. P. 16–17. (In Russian).
- 3 Bern Je. Igry, v kotorye igrajut ljudi. URL: https://safronovaolesya.usite.pro/biblioteka/bern_igry_v_kotorye_igrajut_ljudi.pdf. (In Russian).
- 4 Pashukova T.I. (2009) Teorii obshhenija v otechestvennyh i zarubezhnyh psihologicheskikh issledovanijah // Teoreticheskaja i jeksperimental'naja psihologija. V. 2. No. 2. – P. 38–52. (In Russian).
- 5 Gamezo M.V., Stepanovosva A.V., Halizeva L.M. Slovar'-spravochnik po pedagogicheskoi psihologii. URL: <http://med.niv.ru/doc/dictionary/pedagogical-psychology/fc/slovar-202.htm#zag-132>. (In Russian).
- 6 Rizahodzhaeva G.A. Formirovanie kommunikativnoj kompetentnosti budushhix specialistov v sfere turizma. URL: <https://www.kaznpu.kz/docs/doctoranti/rizahodzhaeva/Disser.pdf>. (In Russian).
- 7 Arystanov Zh.M., Shertaeva K.D., Umurzahova G.Zh. Osnovy upravlencheskoj jetiki v farmacii – kommunikativnye navyki. URL: <http://rmebrk.kz/book/1166575>. (In Russian).
- 8 Arakeljan S.B. Issledovanie social'no-kommunikativnykh processov v professional'no-delovoj sfere: na urovne mezhlichnostnoj kommunikacii. URL: <https://www.dissercat.com/content/issledovanie-sotsialno-kommunikativnykh-protsessov-v-professionalno-delovoi-sfere-na-urovne->. (In Russian).
- 9 Karpman S. (2021) Zhizn', svobodnaja ot igr // Metanojja. P. 16. (In Russian).
- 10 Jerskin R., Morsund D. P., Trautman R.L. (2018) Za predelami jempatii // Interservis. P. 17. (In Russian).
- 11 Ulanovskaja I.M., Janishevskaja M.A. Uchebnaja dejatel'nost' v otsutstvii vzaimodejstvija? URL: <https://www.scopus.com/results/results.uri?sort=plff&src=s&stl=kommunikacija&sid=c6b7209819abbf4f2912df12bcf72741&sot=b&sdt=b&sl=17&s=KEY%28kommunikacija%29&origin=searchbasic&editSaveSearch=&yearFrom=Before+1960&yearTo=Present&sessionSearchId=c6b7209819abbf4f2912df12bcf72741&limit=10>. (In Russian).
- 12 Vygotskij L.S. (1991) Problema obuchenija i umstvennogo razvitija v shkol'nom vozraste // Pedagogicheskaja psihologija. P. 387. (In Russian).
- 13 Dogadova E.M. Filosofskij smysl gumanizacii mezhlichnostnyh otnoshenij. URL: <https://www.dissercat.com/content/filosofskii-smysl-gumanizatsii-mezhlichnostnykh-otnoshenii>. (In Russian).

ХАМЗИНА З.А.,*¹

оқытушы.

*e-mail: 24251109@turanaedu.kz

ORCID ID: 0009-0001-5789-7643

ҚҰРМАНБЕКОВА М.Б.,²

PhD, психолог.

e-mail: m.kurmanbekova@turanaedu.kz

ORCID ID: 0000-0002-8832-694X

¹Rich school мектебі,

Алматы қ., Қазақстан

²ҚР ПӘ МО Орталық

клиникалық ауруханасы,

Алматы қ., Қазақстан

ТРАНЗАКЦИЯЛЫҚ ТАЛДАУ ПРИЗМАСЫ АРҚЫЛЫ ТҰЛҒААРАЛЫҚ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТАРДАҒЫ КОММУНИКАЦИЯ

Андатпа

Бұл жұмыс коммуникацияның тұлғааралық қатынастар мен әлеуметтік өмірдегі рөліне, Эрик Берннің транзактілік талдауын адамдар арасындағы өзара әрекеттесуді жақсарту үшін қолдануға бағытталған. Зерттеу мақсаты – транзактілік талдау тұрғысынан тұлғааралық коммуникацияның ерекшеліктерін зерттеу. Зерттеудің міндеті: транзактілік талдаудың теориялық негізін талдап, оны күнделікті өмірде тиімді қолдану. Жұмыстың ғылыми маңызы эго-күйлерінің коммуникацияға әсерін талдауда, бұл қатығыстар мен түсінбеушіліктердің пайда болу механизмдерін түсінуге мүмкіндік береді. Зерттеудің практикалық маңызы – байланыс сапасын жақсарту және өмірдің түрлі салаларында конструктивті өзара әрекеттестіктерді құру мүмкіндігімен байланысты. Зерттеу әдістері теориялық талдауды қамтиды.

Тірек сөздер: коммуникация, эго-күйі, транзактілік талдау, тұлғааралық қатынастар, транзакция.

KHAMZINA Z.A.,*¹

teacher.

*e-mail: 24251109@turanaedu.kz

ORCID ID: 0009-0001-5789-7643

KURMANBEKOVA M.B.,²

PhD, psychologist.

e-mail: m.kurmanbekova@turanaedu.kz

ORCID ID: 0000-0002-8832-694X

¹Rich school,

Almaty, Kazakhstan

²Central Clinical Hospital MC PA RK,

Almaty, Kazakhstan

COMMUNICATION IN INTERPERSONAL RELATIONSHIPS THROUGH THE PRISM OF TRANSACTIONAL ANALYSIS

Abstract

This study explores the role of communication in interpersonal relationships and social life, with a focus on using Eric Berne's Transactional Analysis to improve interactions between people. The aim of the research is to examine the specifics of interpersonal communication through the lens of Transactional Analysis. The research task is the theoretical analysis of the foundations of Transactional Analysis and its effective practical application in everyday life. The scientific significance of the work lies in the analysis of the impact of ego-states on communication, which helps to understand the mechanisms behind conflicts and misunderstandings. The practical significance of the study is related to the possibility of improving the quality of communication and creating constructive interactions in various spheres of life. The research method includes theoretical analysis.

Key words: communication, ego-state, transactional analysis, interpersonal relationships, transaction.

3 APPLIED PSYCHOLOGY AND RESEARCH ҚОЛДАНБАЛЫ ПСИХОЛОГИЯ ЖӘНЕ ЗЕРТТЕУЛЕР ПРИКЛАДНАЯ ПСИХОЛОГИЯ И ИССЛЕДОВАНИЯ

FTAXP 05.11.95

ӘОЖ 345.85

<https://doi.org/10.46914/2959-3999-2024-1-3-22-30>

АБЕНОВА К.А.,*¹

PhD, қауымдастырылған профессор.

*e-mail: kulzada.abenova@narxoz.kz

ORCID ID: 0009-0008-3458-9446

САПИРОВА М.М.,²

докторант.

e-mail: Alua_amina_mira@mail.ru

ORCID ID: 0009-0001-5207-0479

¹Нархоз университеті,

Алматы қ., Қазақстан

²Әл-Фараби атындағы

Қазақ ұлттық университеті,

Алматы қ., Қазақстан

ӘЙЕЛДЕРГЕ ҚАТЫСТЫ ТҰРМЫСТЫҚ ЗОРЛЫҚ-ЗОМБЫЛЫҚ: МӘСЕЛЕНІҢ ҚОЙЫЛЫМЫ

Аңдатпа

Мақалада елімізде соңғы жылдары қоғамда және бұқаралық ақпарат құралдарында жиі көтеріліп жүрген өзекті мәселелердің бірі әйелдерге қатысты зорлық зомбылықпен жүргізіліп жатқан әлеуметтік жұмыстың бір бөлігі көрсетілген. Дәлірек айтқанда әйелдерге қатысты тұрмыстық зорлық зомбылықпен ауылдық жерлерде жүргізіліп жатқан әлеуметтік жұмыс туралы жазылған. Авторлар мақалада соңғы жылдары Қазақстанда өз отбасында зорлық зомбылық көріп, қаза болған әйелдердің саны бір жыл ішінде 500-ге жеткенін жазады. Сонымен қатар авторлар мақалада Жамбыл облысы «Қордай аудандық тұрмыстық зорлық зомбылық құрбандарына әлеуметтік көмек көрсету орталығында» жүргізген әлеуметтік зерттеу жұмысының нәтижесін баяндайды. Авторлар орталықтағы әлеуметтік жұмыс туралы мәлімет бере отырып, онда жүргізілетін жұмыстың бағыттарымен таныстырады. Сонымен қатар, авторлар сол орталықтағы әйелдер мен орталық қызметкерлеріне жүргізген сауалнамасының нәтижесіне талдау жасаған. Жүргізген зерттеуінің нәтижесінде әлеуметтік көмек көрсету жүйесінің болуы тұрмыста зорлық зомбылық көрген әйелдердің жағдайын жақсартудың өте маңызды құралы екенін анықталған. Мұндай әлеуметтік көмек көрсету қызметі ауылды жерлердегі қоғамның дамуына ықпал етеді және тұрмыстық зорлық зомбылықтан зардап шеккендер мен зардап шегушілерге көмектесудің маңызды шараларының бірі деген қорытынды жасалынды.

Тірек сөздер: әйелдер, тұрмыстық зорлық зомбылық, әлеуметтік жұмыс, психологиялық кеңес беру, қиын өмірлік жағдайлар.

Кіріспе

Тұрмыстық зорлық зомбылық мәселесі әлемдегі ең өзекті әлеуметтік мәселелердің бірі болып табылады. Себебі ол жәбірленушіге ғана әсер етіп қана қоймай, әлеуметтік тәртіптің сақталуына қауіп төндіріп, жалпы қоғамның тұрақсыздығына әкеледі. Әсіресе, әйелдерге

қатысты жасалған тұрмыстық зорлық зомбылық оның ең кең таралған түрінің бірі болып саналады. Ал, ол өз кезегінде отбасы институты мен қоғамның моральдық жағдайына жағымсыз әсер етеді. Аталған мәселенің өзекті болғаны соншалықты, жыл сайын 25 қарашада Халықаралық қоғам әйелдерге қатысты зорлық зомбылыққа қарсы күрес күні ретінде атап өтіледі. Бұл 1950 ж. БҰҰ Бас Ассамблеясының пленарлық мәжілісінде ресми түрде құрылған адам құқықтары күні (Human Rights Day) [1]. Ол 10 желтоқсанда аяқталатын гендерлік зорлық зомбылыққа қарсы күндер қатарында тұрған бірінші күн. Көтеріліп отырған мәселе көпшілікке түсінікті болуы үшін алдымен зорлық зомбылық дегеніміз не және оның пайда болу себептеріне тоқталуды жөн санаймыз. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы берген анықтамада зорлық зомбылық деп басқа адамға, адамдар тобына немесе жалпыға қарсы бағытталған нақты немесе қауіп төндіретін физикалық күштің қасақана қолданылуын түсінеді, оның нәтижесі (немесе ықтималдығы жоғары) дене жарақаты, өлім, психологиялық жарақат, дамудың ауытқуы немесе әр түрлі зиян келтіруде көрініс табады. Ал, кәсіби әлеуметтік қызметкерлердің әлемдегі ең ірі ұйымы болып табылатын АҚШ-тың ұлттық әлеуметтік қызметкерлер қауымдастығы 1983 ж. «тұрмыстық зорлық зомбылық» терминін енгізді [2]. Көбінесе әйелдер мен балалар тұрмыстық зорлық зомбылыққа ұшырайды.

Жалпы «Әйелдерге қатысты зорлық-зомбылық» термині әмбебап және өңірлік деңгейдегі халықаралық шарттардың атауларында айтылады: 1993 ж. БҰҰ Бас Ассамблеясы (бұдан әрі – БҰҰ БА) қабылдаған әйелдерге қатысты зорлық-зомбылықты жою туралы декларация 1994 жылғы әйелдерге қатысты зорлық-зомбылықтың алдын алу, жазалау және жою туралы америкалық конвенция, 2011 жылғы әйелдерге қатысты зорлық-зомбылықтың және тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу және оған қарсы күрес туралы Еуропа Кеңесінің Конвенциясы. Зорлық-зомбылыққа ұшыраған әйелдерге қатысты халықаралық құқықта «жәбірленуші» термині қолданылады. Халықаралық құқықтық актілерге 1983 ж. 24 қарашада жасалған зорлық-зомбылық құрбандарына келтірілген залалды өтеу жөніндегі Еуропалық конвенция және 1985 жылғы 29 қарашадағы БҰҰ-ның 40/34 га қарарымен қабылданған қылмыс пен билікті теріс пайдалану құрбандарына арналған сот төрелігінің негізгі принциптерінің декларациясы жатады.

Материалдар мен әдістер

Сауалнама қиын өмірлік жағдайдағы әйелдерді зерттеудің мақсаты мен ерекшеліктеріне сәйкес ең тиімді әдіс болып табылады. Сауалнама – мазмұны эмпирикалық деңгейде зерттеу мәселесін тудыратын сұрақтары бар адамдардың белгілі бір тобына ауызша немесе жазбаша үндеуге негізделген зерттеу әдісі. Сауалнама нысаны (сұралушы) респондент деп аталады.

Аталған зерттеу әдісін таңдау респонденттердің ерекшелігімен байланысты. Алынған жауаптар респонденттердің жеке пікірлері болып табылады, оларға сұхбат берушінің жеке басы да, оның көзқарасы да әсер етпейді. Респонденттер жүргізіліп жатқан зерттеулердің құпиялылығына сенімділік есебінен неғұрлым негізделген жауаптар береді. Орталықтың мамандары мен қиын өмірлік жағдайға тап болған әйелдердің – клиенттердің пікірлері, себептері, қоршаған шындықты бағалау, ақпараттандыру, мақсаттары, бағыты мен бағдары осы мәселені жан-жақты зерттеуге және халықтың осы санатымен әлеуметтік жұмысты ұйымдастыруды жақсарту бойынша практикалық ұсыныстарды әзірлеуге көмек берді. «Әйелдерге арналған әлеуметтік көмек көрсету орталығында» әлеуметтік жұмысын ұйымдастыру мақсатында сауалнама әдісін жүргізу туралы шешім қабылданды.

Ақпарат жинау әдістері: құжаттарды талдау; тұрмыстық зорлық зомбылыққа ұшыраған әйелдер мен оларға әлеуметтік қызмет көрсететін мамандарға сауалнама жүргізу.

Нәтижелер мен талқылау

Халықаралық құжаттарда әйелдерге қатысты зорлық-зомбылыққа қатысты терминдерді кездестіруге болады: гендерлік зорлық-зомбылық, әйелдерге жасалған шабуылдар, зорлау, жыныстық зорлық-зомбылық, жыныстық қанау немесе жезөкшелікті қанау, қудалау, әйел жыныс мүшелерінің мүгедектігі, әйелдерге қатысты зиянды тәжірибелер, тұрмыстық зорлық-зомбылық.

Әр түрлі кезеңдерде бұл терминдердің барлығы БҰҰ, Еуропа Кеңесінің (бұдан әрі – ЕҚЫҰ) және Еуропадағы Қауіпсіздік және Ұнтымақтастық Ұйымының (бұдан әрі – ЕҚЫҰ) құжаттарында көрініс табады.

Жалпы отбасындағы зорлық-зомбылық мәселесі отбасы пайда болғаннан бері келе жатқан күрделі мәселелердің бірі және бүгінгі күнде демократиялық қоғамдардың ұлттық проблемасына айналып отыр [3]. Аталған мәселе бойынша АҚШ-та 1960 жылдардан бастап бірқатар жетекші әлеуметтік институттар айналысады. Дәлірек айтқанда әлемде алғаш рет АҚШ-та тұрмыстық зорлық-зомбылық сияқты әлеуметтік құбылыс ұлттық проблема ретінде танылды. Бұл 1962 ж. Г. Кемп және оның әріптестері американдық медициналық қауымдастықтың «Ұрылған бала синдромы» журналында жарияланғаннан кейін болды [4]. АҚШ үкіметі тұрмыстық зорлық-зомбылықты зерттеуге және онымен күресудің жаңа тәсілдерін жасауға үлкен қаражат бөледі. Соның нәтижесінде соңғы жылдары АҚШ-та зорлық-зомбылықтың барлық түрлерінің, соның ішінде кісі өлтірудің айтарлықтай төмендеу тенденциясы байқалды. Тұрмыстық зорлық-зомбылық деңгейі 1994 жылдан бастап бүкіл елде төмендеген [6]. Дегенмен, бұл тақырыптағы ғылыми зерттеу жұмыстарының саны соңғы отыз жыл бойына тұрақты түрде өсіп келеді. Мәселен, Нью-Гэмпшир университетінің отбасын зерттеу зертханасының қызметкерлері 1974–1991 жылдар аралығында тұрмыстық зорлық-зомбылық тақырыбында 250-ден астам мақалалар мен 30 кітап шығарды. Сонымен қатар ескеретін жәйт, әлеуметтанудың басқа бірде-бір саласында мұндай ғылыми білімнің қарқынды дамуы байқалмаған. АҚШ-тағы тұрмыстық зорлық-зомбылықты зерттеушілердің бірі М. Страустың пікірінше, бұл құбылысты американдық қоғам мен американдық әлеуметтанудағы өзгерістерге жауап ретінде әлеуметтік проблеманы құрудың жарқын мысалы деп санайды.

Әйелдер мен балалардың құқықтары үшін күресті қамтитын 1960 жылдардағы әлеуметтік қозғалыстар; зорлық-зомбылық құрбандары үшін дағдарыс орталықтары мен баспаналардың кеңінен ашылуы; экономикалық тәуелсіз әйелдер санының өсуі; отбасылық терапия және кеңес беру мамандарының штатын кеңейту; әлеуметтанудағы назарды функционализм теориясынан қақтығыс теориясына ауыстыру; мәселесі тағы біршама мәселелердің барлығы АҚШ-тағы тұрмыстық зорлық-зомбылық әлеуметтануының қалыптасуы мен дамуына негіз жасаған.

Әйелдерге қатысты зорлық-зомбылық пен тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қатысты жекелеген мәселелер бірқатар шетелдік авторлардың еңбектерінде қозғалған. Дәлірек айтқанда А. Майхилл [8], А. Маквибар Ланда [9], Е. Черняк [10], М. Эриксон [11], П.А. Бансал [12], С. Денни [13] сияқты т.б. ғалымдар аталған мәселелер бойынша зерттеу жұмыстарын жүргізген. Сонымен бірге отбасылық-тұрмыстық қатынастар саласындағы қылмыстық зорлық-зомбылық мәселесін С.Н. Золотухин [14], тұрмыстық зорлық-зомбылықтан зардап шеккендерге психологиялық көмек көрсету аспектісін И.Г. Малкина-Пых [2], тұрмыстық зорлық-зомбылық мәселесінің шетелде зерттелуін А.В. Лысова [15] секілді ғалымдар көлемді зерттеу жұмыстарын жүргізген. Біздің елімізде тұрмыстық зорлық-зомбылықтың деңгейі және өсуі туралы нақты деректер қарқынды зерттелмеген. Өңірлер бойынша да, жалпы Қазақстан бойынша да отбасындағы зорлық-зомбылық фактілерінің жинақталған дәл статистикасы жоқ, сондықтан, бұл мәселені объективті түрде талдау қажет етеді. Дегенмен бұл мәселе кейбір қоғамдық қор саласында зерттеулерге ие. Мәселен, Қазақстандағы Фридрих Эберт қорының өкілдігі, «Дағдарыс орталықтарының одағы» ЗТБ және «Zertteu Research Institute» қоғамдық қоры еліміздегі тұрмыстық зорлық-зомбылық саласында зерттеу жүргізген. Zertteu Research Institute директоры Шолпан Әйтенованың айтуынша, отбасылық зорлық-зомбылықтың салдары экономика мен адамдардың психикасына айтарлықтай әсер етеді. Зерттеу 2021 жылды қамтиды. Оның айтуынша, сотқа тек 3 істің біреуі ғана жетеді. Шолпан Әйтенова отбасылық зорлық-зомбылық қылмысы латенттік мінезге ие деген зерттеулер бар екенін айтады.

Бүгінде бұл мәселе елімізде күн тәртібінен түспей келеді. Оған мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың: «Отбасындағы тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу жұмысының тиімділігін арттыруға ерекше назар аудару керек. Статистика көңіл көншітпейді. Соңғы екі жарым жылда үйдегі зорлық-зомбылықтың салдарынан 300 адам көз жұмды. Денсаулыққа ауыр зиян келтірудің 878 фактісі және орташа зиян келтірудің 808 фактісі тіркелген. Осындай құқық бұзушылықтар бойынша 37 мыңнан астам адам әкімшілік жауапкершілікке тартылды. Сондықтан құқық қорғау органдары адамдардың құндылықтар жүйесі мен мінез-құлық

моделін өзгертуде шешуші рөл атқара алады және атқаруы қажет» пікірі дәлел бола алады. Бірқатар зерттеулердің нәтижелеріне сүйенсек, бүгінде еліміз бойынша 30-ға жуық дағдарыс орталықтары бар. 2000 ж. әйелдерге қатысты зорлық-зомбылық оқиғаларының саны 22 367 болса, 2016 ж. 124 298 болған. БҰҰ-ның Әйелдер қоры таратқан дерегі бойынша, Қазақстанда өз отбасында зорлық-зомбылық көріп, қаза болған әйелдердің саны бір жыл ішінде 500-ге жетеді екен. Осы орайда біз еліміздегі әлеуметтік көмек көрсету орталығында тұрмыстық зорлық зомбылыққа ұшыраған әйелдермен жүргізілетін әлеуметтік жұмыс туралы зерттеу жүргізуді жөн деп санадық.

Зерттеудің мақсаты – Жамбыл облысының «Қордай аудандық тұрмыстық зорлық зомбылық құрбандарына әлеуметтік көмек көрсету орталығында» тұрмыстық зорлық-зомбылыққа ұшыраған әйелдермен әлеуметтік жұмысқа талдау жүргізу және оны жақсарту бойынша практикалық ұсыныстар әзірлеу.

Зерттеудің міндеті:

- ♦ «Қордай аудандық тұрмыстық зорлық зомбылық құрбандарына әлеуметтік көмек көрсету орталығы» базасында «Әйелдерге қатысты тұрмыстық зорлық зомбылық» әлеуметтік зерттеуін жүргізу;

- ♦ әлеуметтік зерттеу нәтижелерін талдау және қорытындылау;

- ♦ Жамбыл облысының «Қордай аудандық тұрмыстық зорлық зомбылық құрбандарына әлеуметтік көмек көрсету орталығында» тұрмыстық зорлық зомбылыққа ұшыраған әйелдермен әлеуметтік жұмысты жақсарту бойынша практикалық ұсыныстар әзірлеу.

Жамбыл облысының «Қордай аудандық тұрмыстық зорлық зомбылық құрбандарына әлеуметтік көмек көрсету орталығында» зорлық зомбылыққа ұшыраған әйелдермен әлеуметтік жұмысты ұйымдастыру әлеуметтік-психологиялық, әлеуметтік-педагогикалық, әлеуметтік-медициналық, әлеуметтік-тұрмыстық және әлеуметтік-құқықтық қызметтермен қамтамасыздандырылған және бұл орталықта халықтың осы санатымен жұмыс істеу кезінде кемшіліктері бар. Алынған нәтижелер «Қордай аудандық тұрмыстық зорлық зомбылық құрбандарына әлеуметтік көмек көрсету орталығында» өмірлік қиын жағдайға тап болған әйелдермен әлеуметтік жұмысты жақсарту бойынша ұсыныстарды анықтауға және тұжырымдауға мүмкіндік береді.

Қордай аудандық тұрмыстық зорлық зомбылық құрбандарына әлеуметтік көмек көрсету орталығы 2020 ж. 19 қарашада ашылған. Жәбірленушілерді қабылдау үшін мемлекет тарапынан барлық жағдай қарастырылған. Дәлірек айтқанда онда жеке жатын бөлмелер, 3 мезгіл ыстық тамақ, киім-кешек, дәрі-дәрмек тағы басқасы бар. Жалпы орталықтың төсек орындық саны – 15. Орталықтың жұмысы ҚР Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2016 жылғы «21» желтоқсандағы № 1079 бұйрығымен бекітілген. Осыған орай аталған мекеме «Тұрмыстық зорлық зомбылық құрбандарына әлеуметтік көмек көрсету стандартына» сәйкес 8 бағытта қызмет түрлерін көрсетеді. Орталықта тұрмыстық зорлық зомбылықтың құрбаны болған әйелдерге арнайы мамандар психологиялық қолдау, жеке басындағы қиындықтарды еңсеріп, өмірге деген құштарлықтарын оятуға бағыт бағдар беріледі. Сонымен қатар, орталықтың ішкі тәртіп талаптарын түсіндіру туралы ашық сұхбат жүргізіледі. Сонымен бірге орталықта тұрмыстық зорлық зомбылыққа ұшыраған әйелдерге консультациялық қызметтің ерекше түрі – шұғыл психоәлеуметтік көмек – «сенім телефоны» іске қосылған. Онда жәбірленуші сенім телефонына тәулік бойы және анонимді түрде хабарласуына мүмкіндігі бар. Мұндай кеңес беру түрлері тұрмыстық зорлық зомбылықты бастан өткерген және кеңесші маманнан тікелей көмек сұраудан тартынатын немесе мұндай мүмкіндігі жоқ көптеген әйелдерге психологиялық қолдау көрсетуге, сондай-ақ оларды толғандыратын мәселелер бойынша ұсыныстар беруге мүмкіндік береді.

Сонымен қатар орталықта арнайы бағдарлама бойынша зорлық зомбылыққа ұшыраған әйелдерге арналған өзін-өзі реттеуге арналған жаттығулар, арттерапиялық жұмыстар, өз сезімі мен эмоциясын түсінуге арналған психокоррекциялық жұмыстар жүргізіледі.

Зерттеудің эксперименттік базасы 8 адамнан тұратын тұрмыстық зорлық зомбылыққа ұшыраған әйелдер мен 10 адамнан тұратын орталық қызметкерлері болды.

Өмірлік қиын жағдайға тап болған әйелдердің жасы 19 жастан 33 жасқа дейін және олардың көпшілігінде тұрақты жұмыс орны жоқ (37,5%). Сауалнамаға қатысқан респонденттердің 12,5%-ының орта кәсіби білімі бар. Орталықтың сауалнамаға қатысқан қызметкерлерінің

(100%) тұрмыстық зорлық зомбылыққа ұшыраған әйелдермен жұмыс істейді, оның ішінде 26 мен 35 жас аралығында (60%); жоғары кәсіптік білімділері 100% құрайды.

Зерттеу екі кезеңнен тұрды. Бірінші кезеңде «Қордай аудандық тұрмыстық зорлық зомбылық құрбандарына әлеуметтік көмек көрсету орталығында» зерттеу жүргізілді. Оның негізгі әлеуметтік функциясы дағдарысқа ұшыраған және физикалық және психикалық және әлеуметтік денсаулығына қауіпті, соның ішінде тұрмыстық зорлық зомбылықтың кез келген түріне ұшыраған әйелдерге кешенді мамандандырылған әлеуметтік қызмет көрсету болып табылады. Зерттеудің екінші кезеңі зерттеу нәтижелерін өңдеу және тұрмыстық зорлық зомбылыққа ұшыраған әйелдермен әлеуметтік жұмысты ұйымдастыру бойынша практикалық ұсыныстарды әзірлеу болды.

Жүргізілген зерттеу нәтижелері бойынша тұрмыстық зорлық зомбылыққа ұшыраған, осы орталықта есепте тұрған әйелдердің арасында барынша сұранысқа ие көмектің түрлері: психологиялық көмек (88,5%); материалдық көмек (14,5%); құжаттарды рәсімдеуге көмек (12,5%) сияқты қызметтерді белгілеген. Мамандардың пікірінше, халықтың осы санаты арасында ең көп сұранысқа ие қызметтер: психологиялық көмек (80%); агрессордан баспана (30%); материалдық көмек (20%); құжаттарды рәсімдеуге көмек (20%) құрайды.

«Әлеуметтік көмек көрсету орталығында» тұрмыстық зорлық зомбылыққа ұшыраған әйелдермен әлеуметтік жұмысты ұйымдастырудың маңызды аспектісі – бұл мекеме туралы хабардар болу. Зерттеу нәтижелері бойынша өмірлік қиын жағдайға тап болған әйелдер бұл мекеме туралы келесі ақпарат көздерінен хабардар болған:

- ♦ туыстары, көршілері және таныстары (75%);
- ♦ интернет көздері (12,5%);
- ♦ орталық мамандары мен қызметкерлері (12,5%).

«Қордай аудандық тұрмыстық зорлық зомбылық құрбандарына әлеуметтік көмек көрсету орталығында» жұмыс істейтін мамандардың көзқарасы бойынша осы орталықтың клиенттері көрсетілетін әлеуметтік қызметтер туралы мынадай көздерден біледі: туыстары, көршілері, таныстары (75%); интернет көздері (60%); мекеме қызметкерлері (65%); бұқаралық ақпарат құралдары (40%); басқа (35%) болып табылады.

Әлеуметтік көмек көрсету орталығының мамандары тұрмыстық зорлық зомбылыққа ұшыраған әйелдердің қиын өмірлік жағдайларын және көптеген мәселелерді тез әрі тиімді шеше отырып, білікті әлеуметтік көмек көрсетеді, бұл осы мекеменің беделіне оң әсер етеді. Зерттеу нәтижелері бойынша қызмет көрсету шарттары тұрмыстық зорлық зомбылыққа ұшыраған сауалнамаға қатысқан әйелдерді толығымен қанағаттандырады (100%). Сонымен қатар, зорлық зомбылыққа ұшыраған әйелдермен әлеуметтік жұмысты ұйымдастыру шеңберінде әртүрлі көмек түрлерін ұсыну қауіпсіздік пен сенімділік сезімін береді (63%); өзін-өзі бағалауды арттыруға ықпал етеді (22%); кінәні азайту (11%); толыққанды өмірді қамтамасыз ету (4%) құрады.

Жамбыл облысы Қордай ауданындағы «әлеуметтік көмек көрсету орталығында» тұратын әйелдерде оң өзгерістер болғанымен, әлеуметтік жұмыс мамандары орталықтың жабдықтарының жетілмегендігі сияқты проблеманы атап өтеді. Сонымен қатар, сауалнамаға қатысқан мекеме қызметкерлерінің 80%-ы қазіргі уақытта Жамбыл облысы аумағында өмірлік қиын жағдайға тап болған әйелдерге әлеуметтік қолдау көрсететін әлеуметтік көмек көрсету мекемелердің саны халықтың осы санатындағы әлеуметтік қиындықтарды шешу үшін өте аз деп санайды. Мұны әлеуметтік көмек көрсету орталығында тұратын сауалнамаға қатысқан әйелдер де растайды. Үмітсіз жағдайға тап болған адамдар үшін біздің ауылда «әлеуметтік көмек көрсету орталығы» сияқты әлеуметтік мекемелер құру қажет пе деген сұраққа респонденттердің көпшілігі оң жауап берді (87,5%). Сауалнамаға қатысқан азаматтардың 12,5%-ы бұл пікірмен келіспейді. Сонымен қатар әлеуметтік көмек көрсету орталығының мамандары мен клиенттеріне өмірлік қиын жағдайға тап болған әйелдерге нақты кім көмек көрсете алады деген сұрақ ұсынылды. Сауалнамаға қатысқан қызметкерлер бірауыздан әлеуметтік көмек көрсету орталығының мамандары (100%) деп жауап берді; сонымен қатар, 75%-ы бұл психологтар деп санайды; 65%-ы бұл туыстар мен достар; 25% учаскелік инспекторларды таңдады; 15% прокуратура мен сотты атап өтті. Орталықта тұратын сауалнамаға қатысқан әйелдер келесідей нұсқаларды таңдады: әлеуметтік көмек көрсету орталығының мамандары (78%); психологтар (65%); туыстары мен достары (50%); учаскелік инспекторлар (15,5%); басқа (13,5%) құрады.

Сауалнама нәтижелері бойынша тұрмыстық зорлық зомбылыққа ұшыраған әйелдермен жұмыс істейтін қызметкерлердің жұмыс өтілі келесідей: бір жылға дейін (20%); бір жылдан үшке дейін (30%); үш жылдан астам (50%). Бұл тәжірибелі мамандардың кәсіби біліміне байланысты үлкен әлеуетке ие стратегиялық маңызды кадр ресурсын көрсетеді. Сауалнамаға қатысқан орталық клиенттерінің 65%-ы Жамбыл облысының «әлеуметтік көмек көрсету орталығы» мамандарының сыпайылық пен құзыреттілік қасиеттеріне толық қанағаттанған; ішінара қанағаттандырылғаны (25%); қанағаттанбаған респонденттер (13%). Осы мекеме қызметкерлерінің пікірінше, халықтың осы санатына әлеуметтік қызмет көрсету кезінде маманға қажетті жеке сапалар: әдептілік (87%); коммуникабельділік (57%); зейінділік (47%); мейірімділік (44%), эмпатия (22%) болып табылады.

Бұл зерттеу еліміздегі тұрмыстық зорлық зомбылықтан зардап шеккендерге көмек көрсету жүйесінің болуы әйелдердің жағдайын жақсартудың өте маңызды құрамдас бөлігі екенін көрсетті. Мұндай әлеуметтік көмек көрсету орталықтарының болуы ауылдық жердегі қоғамның дамуының осы кезеңінде тұрмыстық зорлық зомбылықтан зардап шеккендер мен зардап шегушілерге көмектесудің маңызды факторы болып табылады. Бірақ, соған қарамастан, ауылдық аймақтарда бұл жүйенің жұмысы әлі де болса жетілдіруді қажет етеді. Біз жүргізген зерттеу тұрмыстық зорлық зомбылыққа ұшыраған әйелдермен әлеуметтік жұмыстың тиімділігін арттыру үшін төмендегідей практикалық ұсыныстар жасауға мүмкіндік береді.

Қорытынды

Жүргізілген зерттеу жұмысының нәтижесі біздерге жоғарыда аталған мекемеде әйелдерге әлеуметтік қызмет көрсетуді жақсарту үшін төмендегідей ұсыныстарды тұжырымдауға мүмкіндік береді:

- ♦ би терапиясы, құм терапиясы, музыкалық терапия, арттерапия, библиотерапия, фото-терапия және т.б. сияқты терапия түрлерін белсенді қолдану;
- ♦ тұрмыстық зорлық зомбылық мәселелеріне жұртшылықтың назарын аудару үшін, отбасындағы зорлық зомбылықсыз мінез-құлықтың формасын насихаттайтын білім беру бағдарламасын дайындап оны іске қосу;
- ♦ мемлекеттік мекемелерге баруды жеңілдету үшін әйелдердің компьютерлік сауаттылығын арттыру;
- ♦ «әлеуметтік көмек көрсету орталығы» қызметкерлерінің эмоционалды күйіп кетуінің алдын алу шараларын ұйымдастыру, тренингтер өткізу, тиімді тұлғааралық қарым-қатынас дағдыларын үйрету, стресске төзімділікті арттыру және релаксация әдістерін үйрету;
- ♦ зорлық зомбылыққа ұшыраған әйелдермен жұмыс кезінде қарбаласқа байланысты жұмыс орнында қалуға мәжбүр болған орталық қызметкерлері үшін қосымша ақылы қызмет ұйымдастыру;
- ♦ психологиялық шиеленісті жеңілдету үшін орталық кеңесшілеріне арналған демалыс бөлмелерін қамтамасыз ету.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Ростовская Т.К., Калиев Т.Б., Завьялова Н.Б., Безверный В.А. Профилактика насилия как фактор безопасности семьи: российский и казахстанский опыт // Женщина в российском обществе. – 2018. – № 1(86).
- 2 Малкина-Пых И.Г. Психологическая помощь пострадавшим от насилия: учебник. – Москва: КНОРУС, 2023. – 334 с.
- 3 Barnett O.W., Miller-Perrin C.L., Perrin R.D. Family violence across the lifespan: An introduction. California: SAGE Publications, 1997.
- 4 Kempe C.H., Silverman F.N., Steele B.F., et al. The battered child syndrome // Journal of American Medical Association. 1962. Vol. 181. No. 1. P. 17–24.
- 5 Confronting chronic neglect: the education and training of health professionals of family violence. Washington, D.C.: National Academy Press, 2002.

- 6 Gelles R. How evaluation research can help reform and improve the child welfare system // Program evaluation and family violence research S.K. Ward, D. Finkelhore. New York: Haworth Press, 2000.
- 7 Straus M.A. Sociological research and social policy: the case of family violence // Sociological Forum. 1992. Vol. 7 No. 2. P. 211–237.
- 8 Myhill A. The police response to domestic violence: risk, discretion, and the context of coercive control. City, University of London, 2018.
- 9 Maquibar L.A. An insight into institutional responses to intimate partner violence against women in Spain. Umeå: Umeå University, 2018.
- 10 Chernyak E. A comparative study of intimate partner violence in post-soviet countries: evidence from national surveys. University of Windsor, 2016.
- 11 Eriksson M. Defining rape: emerging obligations for states under international law? Doctoral thesis. Örebro: Örebro universitet, 2010.
- 12 Bansa P.A. Empowering of women against domestic violence. Shri Jagdishprasad Jhabarmal Tibarewala University, 2013.
- 13 Denne S. Becoming (non)violent: accountability, subjectivity and ethical non-violence in response to intimate partner violence. Massey University, 2019.
- 14 Золотухин С.Н. Криминальное насилие в сфере семейно-бытовых отношений: монография. – Челябинск: ЗАО «Библиотека А. Миллера», 2019 – 196 с.
- 15 Лысова А.В. Насилие в семье: основные теоретические проблемы: учеб. Пособие. – Владивосток: Изд-во Дальневост. ун-та, 2001. – 205 с.

REFERENCES

- 1 Rostovskaja T.K., Kaliev T.B., Zav'jalova N.B., Bezvernyj V.A. (2018) Profilaktika nasilija kak faktor bezopasnosti sem'i: rossijskij i kazahstanskij opyt // Zhenshhina v rossijskom obshhestve. No. 1(86). (In Russian).
- 2 Malkina-Pyh I.G. (2023) Psihologicheskaja pomoshh' postradavshim ot nasilija: uchebnik. Moskva: KNORUS. 334 p. (In Russian).
- 3 Barnett O.W., Miller-Perrin C.L., Perrin R.D. (1997) Family violence across the lifespan: An introduction. California: SAGE Publications. (In English).
- 4 Kempe C.H., Silverman F.N., Steele B.F., et al. (1962) The battered child syndrome // Journal of American Medical Association. Vol. 181. No. 1. P. 17–24. (In English).
- 5 Confronting chronic neglect: the education and training of health professionals of family violence. Washington, D.C.: National Academy Press, 2002. (In English).
- 6 Gelles R. (2000) How evaluation research can help reform and improve the child welfare system // Program evaluation and family violence research S.K. Ward, D. Finkelhore. New York: Haworth Press. (In English).
- 7 Straus M.A. (1992) Sociological research and social policy: the case of family violence // Sociological Forum. Vol. 7. No. 2. P. 211–237. (In English).
- 8 Myhill A. (2018) The police response to domestic violence: risk, discretion, and the context of coercive control. City, University of London. (In English).
- 9 Maquibar L.A. (2018) An insight into institutional responses to intimate partner violence against women in Spain. Umeå: Umeå University. (In English).
- 10 Chernyak E. (2016) A comparative study of intimate partner violence in post-soviet countries: evidence from national surveys. University of Windsor. (In English).
- 11 Eriksson M. (2010) Defining rape: emerging obligations for states under international law? Doctoral thesis. Örebro: Örebro universitet. (In English).
- 12 Bansa P.A. (2013) Empowering of women against domestic violence. Shri Jagdishprasad Jhabarmal Tibarewala University. (In English).
- 13 Denne S. (2019) Becoming (non)violent: accountability, subjectivity and ethical non-violence in response to intimate partner violence. Massey University, . (In English).
- 14 Zolotuhin S.N. (2019) Kriminal'noe nasilie v sfere semejno-bytovyh otnoshenij: monografija. – Cheljabinsk: ЗАО «Библиотека А. Миллера», 196 p. (In Russian).
- 15 Lysova A.V. (2001) Nasilie v sem'e: osnovnye teoreticheskie problemy: ucheb. Posobie. – Vladivostok: Izd-vo Dal'nevost. un-ta, 205 p. (In Russian).

ABENOVA K.A.,*¹

PhD, associate professor.

*e-mail: kulzada.abenova@narxoz.kz

ORCID ID: 0009-0008-3458-9446

SAPIROVA M.M.,²

doctoral student.

e-mail: Alua_amina_mira@mail.ru

ORCID ID: 0009-0001-5207-0479

¹Narxoz University,

Almaty, Kazakhstan

²Al-Farabi Kazakh National University,

Almaty, Kazakhstan

DOMESTIC VIOLENCE AGAINST WOMEN: A PROBLEM THAT NEEDS TO BE ADDRESSED

Abstract

The article reflects part of the social work carried out by violence against women, one of the most pressing issues that have been frequently raised in society and the media in the country in recent years. More precisely, it was written about the social work carried out in rural areas with domestic violence against women. The authors writes in the article that in recent years in Kazakhstan, the number of women who have been subjected to violence and died in their family has reached 500 people in a year. Also in the article, the authors talks about the results of a sociological study conducted at the Kordai district Center for Social Assistance to victims of Domestic Violence in Zhambyl region. The authors introduces the directions of the work carried out there, providing information about social work at the center. In addition, the authors analyzed the results of a survey of women and employees at the same center. As a result of the research conducted by the authors, it was found that the availability of a social assistance system is a very important tool for improving the situation of women who have been subjected to domestic violence. The authors concludes that such a social assistance service contributes to the development of society in rural areas and that this is one of the most important measures to help victims of domestic violence.

Key words: women, domestic violence, social work, psychological counseling, difficult life situations.

АБЕНОВА К.А.,*¹

PhD, ассоциированный профессор.

*e-mail: kulzada.abenova@narxoz.kz

ORCID ID: 0009-0008-3458-9446

САПИРОВА М.М.,²

докторант.

e-mail: Alua_amina_mira@mail.ru

ORCID ID: 0009-0001-5207-0479

¹Университет Нархоз,

г. Алматы, Казахстан

²Казахский национальный университет

им. аль-Фараби,

г. Алматы, Казахстан

ДОМАШНЕЕ НАСИЛИЕ В ОТНОШЕНИИ ЖЕНЩИН: ПОСТАНОВКА ПРОБЛЕМЫ

Аннотация

В статье отражена часть социальной работы, проводимой насилием в отношении женщин, одной из наиболее актуальных проблем, которые в последние годы часто поднимаются в обществе и средствах массовой информации страны. Точнее, написано о социальной работе, проводимой в сельской местности с домашним насилием в отношении женщин. Авторы пишут в статье, что за последние годы в Казахстане число жен-

щин, подвергшихся насилию и погибших в своей семье, за год достигло 500 человек. Также в статье авторы рассказывают о результатах социологического исследования, проведенного в «Кордайском районном центре социальной помощи жертвам бытового насилия» Жамбылской области. Авторы знакомят с направлениями проводимой там работы, предоставляя сведения о социальной работе в центре. Кроме того, проанализированы результаты опроса женщин и сотрудников в том же центре. В результате проведенного исследования установлено, что наличие системы социальной помощи является очень важным инструментом улучшения положения женщин, подвергшихся насилию в быту. Авторы делают вывод, что такая служба социальной помощи способствует развитию общества в сельской местности и что это одна из важнейших мер помощи пострадавшим от бытового насилия.

Ключевые слова: женщины, бытовое насилие, социальная работа, психологическое консультирование, сложные жизненные ситуации.

4 PEDAGOGY AND EDUCATIONAL METHODOLOGY ПЕДАГОГИКА ЖӘНЕ БІЛІМ БЕРУ ӘДІСТЕМЕСІ ПЕДАГОГИКА И МЕТОДИКА ОБРАЗОВАНИЯ

FTAXP 00.00.4500
ӘОЖ 373.5

<https://doi.org/10.46914/2959-3999-2024-1-3-31-43>

ГЕЛИШЛИ Ю.,¹

PhD, профессор.

e-mail: ygelisli@gmail.com

ORCID ID: 0000-0003-2816-3621

КОГАМБАЕВА А.Е.,^{*2}

пед.ғ.м., сениор-лектор.

*e-mail: a.kogambayeva@turan-edu.kz

ORCID ID: 0009-0007-5073-4191

КОМЕКОВА М.О.,²

гум.ғ.м., сениор-лектор.

e-mail: m.komekova@turan-edu.kz

ORCID ID: 0000-0001-7203-2130

¹Гази университеті,

Анкара, Түркия

²«Тұран» университеті,

Алматы қ., Қазақстан

ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУ ЖАҒДАЙЫНДА БОЛАШАҚ ОҚЫТУШЫЛАРДЫ СТУДЕНТТЕРМЕН ЖҰМЫС ЖАСАУҒА ДАЯРЛАУДЫҢ ҚҰРЫЛЫМДЫҚ МОДЕЛІ

Аңдатпа

Кез-келген адам білім алуға құқылы. Жалпы білім алушылардың білім алуы – олардың әлеуметтенуінің негізгі әрі маңызды шарты. Инклюзивті білім беру идеологиясы кез-келген дискриминацияны жоққа шығарып, ерекше білім алу қажеттілігі бар студенттер үшін ерекше жағдай жасалуын алға қояды. Бұл теория бойынша студенттер толыққанды білім ала алады, ал олардың ерекшеліктерін құрметтей білу керек. Жоғары оқу орындары студентті оның физикалық, интеллектуалдық, әлеуметтік, эмоционалдық, тілдік немесе басқа да ерекшеліктеріне қарамастан қабылдауы қажет және проблеманы шешу жолдарын іздестіруі керек. Қазіргі уақытта елімізде де инклюзивті білім беруді жалпы білім беретін мекемелер бағадрамасына ендіру процесі жүргізілуде. Осы мәселелерді ескере отырып, мақалада инклюзивті білім беру жағдайында болашақ оқытушыларды студенттермен жұмыс жасауға даярлаудың құрылымдық моделі жайында сөз қозғалады.

Тірек сөздер: инклюзивтік білім беру, әлеуметтік адаптация, мүмкіндігі шектеулі студенттер, кәсіби даярлық, педагогика.

Кіріспе

Педагогикалық процесті модельдеу заманауи педагогика мен психологияның маңызды құрамдас бөлігі болып саналады, себебі инклюзивті білім берудің озық теориялық идеяларына

сәйкес келетін жаңа инновациялық технологияларды жобалау мен енгізудің маңыздылығы артуда.

Инклюзивті білім беру жағдайында студенттермен жұмыс істеуге болашақ педагогтарды дайындау моделін құру үшін осы процестің негізгі ұғымдарына жүгінеміз. Педагогикалық болмыстың объектілері мен құбылыстарын модельдеу мәселесіне көптеген зерттеулер арналған.

Материалдар мен әдістер

Зерттеу барысында төмендегі ғалымдардың еңбектері қарастырылды: тұтастық тәсілі (В.С. Ильин, Б.Г. Гершунский, А.С. Макаренко және т.б.); тұлғалық тәсіл (Е.В. Бондаревская, А.Н. Леонтьев, В.В. Краевский, И.Я. Лернер, В.С. Леднев және т.б.) және дифференциалды тәсіл (Н.П. Гузик, В.В. Фирсов, Г.К. Селевко және т.б.); дамуында ауытқулары бар балаларды дамыту бойынша жұмыстар (А. Адлер, Л.С. Выготский және т.б.); арнайы түзету мен оңалтуды талап ететін балаларды дамыту үшін жағдай жасаудың психологиялық-педагогикалық технологиялары (А.Л. Наин, Л.Г. Гуслякова, В.П. Кашенко және т.б.); оқытудың индивидуализациясының концептуалды модельдері (И. Унт, А.С. Границкая, В.Д. Шадриков және т.б.); дамыту, оқу қызметінің (Л.В. Занков, Г.И. Щукина, Ю.М. Колягин, Л.М. Фридман және т.б.).

Бұл саладағы зерттеулердің теориялық негізін жоғары мектептің білім беру процесінің іргелі негіздері (А.М. Новиков, П.Н. Новиков, Ю.Н. Петров, Г.М. Романцев, И.П. Смирнов, Е.В. Ткаченко және т.б.); денсаулық мүмкіндіктері шектеулі балаларды әлеуметтік-педагогикалық оңалту бойынша теориялық жүйелер (А.Д. Виноградова, А.Г. Герасимов, Н.Н. Малофеев, Т.Ф. Яркина және т.б.), кәсіптік және кәсіби-педагогикалық білім берудің ғылыми тұжырымдамалары (З.М. Большакова, А.М. Новиков, П.Н. Новиков); денсаулық мүмкіндіктері шектеулі тұлғаларға білім беру саласындағы ғылыми жұмыстар құрайды.

Нәтижелер мен талқылау

Педагогикалық модельдеудің тарихы мен түсінігіне тереңірек үңілсек. Соңғы жылдары модельдеу ғылым мен практиканың әртүрлі салаларында кең таралған. Бұған модельдеудің проблемаларына, модельдерді жекелеген ғылымдарда қолдану мүмкіндіктеріне арналған көптеген жұмыстар дәлел (Ю.К. Бабанский, А.П. Беляева, В.П. Беспалько және т.б.) [1, 56 б.; 2, 224 б.]. Кәсіптік білім берудің қазіргі заманғы дамуы аясында жаңа әлеуметтік-экономикалық, мәдени, психологиялық-педагогикалық, ғылыми-техникалық талаптарға сәйкес зерттелетін объектінің моделін құру қажет. Бұл жағдайда модельдеу түрлендіргіш қызмет ретінде көрінеді.

Осыған байланысты В.Г. Афанасьев әлеуметтік-педагогикалық процестерді модельдеу тәсілдерін әзірлеудің өзектілігін көрсетеді, ол бұл процестер ықтималдық заңдылықтардың көмегімен де түсіндірілмейді және оларды танудың ең тиімді тәсілі олардың модельдерін құру және зерттеу болып есептеледі деп айтқан.

Мұндай жүйелерге көптеген дамушы факторлардың әсеріне ұшыраған кәсіптік оқыту процесі де жатады. Сондықтан бұл процесті модельдеу қоғам өмірін қайта құру, ғылыми-техникалық прогрестің жаңа кезеңдерін дамыту, бүкіл халықтық білім беру жүйесін түбегейлі қайта құру жағдайында оның құрылымының жаңа сипаттамаларын әзірлеудің жетекші тәсілі.

Объект моделінің айрықша ерекшелігі – оның көмегімен осы объектідегі эксперименттерсіз қандай да бір өзгерістердің салдарын бағалауға болады. Белгілі бір мағынада модель жоспарлау, шешімдер қабылдау және басқару үдерістеріндегі объектінің өзін алмастырады.

Модельдеу сөзі философияда (фр. *modele* – үлгі, түпбейне) кейбір объектінің сипаттамаларын зерттеу үшін арнайы жасалған басқа объектіде жаңғырту ретінде түсіндіріледі.

Педагогикалық энциклопедияда модельдеудің анықтамасы төмендегідей берілген:

- ♦ объектілерді олардың модельдерінің – табиғаттың немесе әлеуметтік ақиқаттың белгілі бір фрагментінің аналогтарының негізінде зерттеу әдісі;

- ♦ нақты бар заттар мен құбылыстардың және конструкцияланатын объектілердің модельдерін құру және зерттеу деп көрсетіледі.

Осылайша, модельдеуді модельдерді жасау процесі ретінде анықтауға болады. Модель ұғымына қысқаша тоқталып өтейік.

Модель (лат. *modulus* – шара, үлгі) кең мағынада қолданылуады.

Біртұтас түпнұсқаның оңайлатылған жаңғыртылуы бола тұра, модель, біртұтас болуы тиіс, модельге қарапайымдылық пен қисындылық, онымен жұмыс істеу ыңғайлылығы, оның компоненттерінің сол немесе басқа шамада түпнұсқаның тәртібі мен құрылымына сәйкес келетін белгілі бір реттелген орналасуы тән болуы керек.

